

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

ГТАХР 17.71.07

Тенсел М.Б.¹, Тлеубердина Г.Т.¹, Рахимов Б.С.².

¹ «Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ, Көкшетау қаласы, 020000, Қазақстан Республикасы. orcid.org/0000-0002-0574-643X e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru;
² ф.ғ.д., профессор «Е.Бөкетов атындағы КАРУ» КЕАҚ, Қарағанды қаласы, 040000, Қазақстан Республикасы.

«ҚАБАНБАЙ БАТЫР» ТАРИХИ ЖЫРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Мақалада авторлар тарихи жырлардың зерттелуі мен жанрлық сипатын саралай отырып, «Қабанбай» батыр тарихи жырларының көркемдік ерекшелігіне тоқталады. Ғасырлар қойнауынан жеткен рухани мұраларымыздың айрықша үлгілерінің бірі – тарихи жырлардың фольклорлық жанрлардан бірсыпыра өзгешеліктері бар. Бұл ерекшелік аталмыш туындылардың нақты өмірде орын алған саяси мәні айқын оқиғаларға бағытталуында, басты кейіпкерлерінің ел қамын жеген тарихи тұлғалар болып келуі ғылыми тұрғыда саралайды. Тарихи жырлардың әр кезеңде туып бастан кешкен түрлі оқиғалардың дерегін берерлік туындылар екендігін көрсете отырып, өлеңде қай кезең оқиғаларына қатысты тугандығын көбіне ондағы сөз өрнегі арқылы талдау жасайды. Әдебиет саласы зерттеушілерінің пікірлерін зерттей отырып, фольклорлық мұра тарихи жырдың қоғам өміріндегі маңызына көзқарасын білдіреді.

Түйін сөздер: жыр, жанр, ел қорғау, батырлықтың символы, тұлпар, тұтастық, халықтық сипат, көрнекті поэзия өкілдері, елдік мұраттар.

КІРІСПЕ

Дүниеде адамның ойы мен қолынан құралып туған ұлы көркем қазынаның барлығында екі үлкен ерекше қасиет бар. Бірі-ірі, терең даналығында, екіншісі-бұлдырсыз айқын ашықтығында, мөлдірлігінде. Ең ұлы көркемдік ең ұғымды, ең қонымды көркемдік сөз тазалығы, жырдағы тағылымды сөз қолданыстары тарихи жырларда көп кездеседі. Әдебиет тарихын зерттеушілердің айтуынша ХҮІІІ ғасыр қазақ поэзиясының кең өріс алған тұсы. Бұл кездегі көркем поэзия өкілдерінің көпшілігінің негізгі тақырыбы ел қорғау, батырлықты ең жоғары символ ретінде суреттеу ерекше назар аудартады.

Халқының қамын ойлаған батырлардың ерлік әрекеттері көп көңілінде қалды, ұрпаққа өнеге болды. Сондықтан халық ішінен шыққан ақын-жыршылар батырлардың ерліктері жайында көптеген өлең-жырлар тудырды. Ұлтының азаттығы үшін күрескен ерлерді дәріптейтін мұндай тарихи жырлар ауызша тарап, халықтың рухани қажетін өтеп келеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Біздің зерттеуімізде қазақтардың ұлт азаттығы үшін күрескен ерлердің ерлігін насихаттаған “Қисса ер Қабанбай” тарихи жырлары алғаш рет зерттеу нысанына айналды [1].

Бұрын ғылыми айналымға түспеген бұл жырлардың ерекшеліктерін ашып, жан-жақты зерттеу - фольклортану ғылымының басты проблемаларының бірі. Жұмыстың өзектілігі де осы қажеттіліктен байқалады.

Ғылыми зерттеу жұмыста ұзақ уақыт зерттелмей келе жатқан Қабанбай батыр елігіне байланысты туған тарихи жырлардың пайда болып, қалыптасу жолдарын белгілі кезең шындығымен байланыстыра қарап, көркемдік ерекшелігіне сипаттама беру мақсат етілді.

Халық үшін қан майданға шығып, қаһармандық-ерлік көрсеткен батырлар жайында туған тарихи жырлардағы ұлт-азаттық идеясы сол тұстағы саяси-әлеуметтік жағдайлармен, тарихи факті-деректермен салыстырыла, сабақтастырыла қарастырылуы – ғылыми еңбекте көтерілген мәселенің сонылығын, маңыздылығын, ауқымдылығын байқатады. Есімдері ел тарихында мәңгілік жатталатын батырларымыз хақындағы тарихи жырлардың тарихқа қарым-қатынасы мен поэтикалық ерекшеліктерінің фольклорлық тұрғыдан талдануы ғылым үшін мәні бар жаңалық екендігін дәйектейді.

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Зерттеу барысында қазақ әдебиеттану ғылымының көрнекті өкілдері М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Абылқасымов Б, Сыдықов Т, Р. Нұрғалиев, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Р.Бердібаев, С.Қасқабасов, Т. Мекебаев, П. Бисенбаев т.б. ғалымдар еңбектері теориялық-методологиялық негіз ретінде пайдаланылды.

Жырларға талдау жасау барысында жүйелі-кешенді, тарихи-салыстырмалы зерттеу әдістер және көркемдік ерекшелігіне байланысты әдеби теориялық әдіс қолданылды.

Тарихи жырлар туралы алғаш кең көлемде тексерулер жасап, жанрлық сипатына қатысты пікір айтқан әдебиет зерттеушілерінің айрықша назар аударарлық тұжырымына сүйенсем: «Біздіңше, көлемді тарихи жырлар өзінің мазмұны жағынан да, суреттеу оқиға құру жағынан да бұрынғы батырлық жырларға жақын да, ал тарихи қысқа өлеңдер қазақтың ескілікті лирикалық өлеңдері тектес,-деп жазады [2,78]. Бұл пікірді ескерер болсақ, онда тарихи жырлардың шығу тегі Қазақ хандығы тұсындағы, тіпті, Абылай заманындағы тағылымды кездерден бастау алса керек. Тарихи жырлар туралы Мұхтар Әуезов: «... Бізде бұл күнге шейін барлық тарихи өлең жиналып болған жоқ», -дей келе: «Нағыз тарих өлеңдерінің басталған кезі Абылай заманынан бері қарай деп санасақ, қазірде Абылайдың өз жорығын баяндаған өлеңдер, онан соң Сырым қозғалысын айтатын өлеңдер біздің қолымызға тиген жоқ» деп пікір білдіреді. Осы орайда, тарихи өлеңдер табиғатына айрықша үніліп, түйінді тұжырым жасаған академик А.С.Қасқабасовтың пікірі де орынды айтылған: «Тарихи жырлар қоғам өмірінің әр кезеңінде туып отырады, яғни бұл-оперативтік жанр. Сондықтан тарихи өлең өте ескі жанрлардың бірі. Мәселен бүкіл түркі халықтардың тарихи өлеңдерінің ең көне үлгісі Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк т.б туралы Орхон-Енисей маңынан табылған шығармалар деуге болады» деуінің өзінің себеп-салдары барлығы даусыз. Алайда, ерте дәуірлердің кезеңінен мұқият жинақталмай, терең тексерулер жүрмегендіктен, тарихи шығу тегін айқындау, шын мәнінде өте ерте замандардан қалыптасқанын толық түсіндіру де оңай іс емес.

Бұл жанрдың мән маңызы туралы зерттеген ғалымдар саусақпен санарлық. Бүгінгі күнге тарихи жырлар туралы зерттеулер аз. Ғылыми зерттеу барысында бұл салаға саналы түрде зерттеу жұмысына тереңдеу қажеттігін түсіндім. Басты мақсат - тарихи өлең болмыс-бітімін тануға бағытталады.

Тарихи жырлардың жанрын анықтаудың көптеген қиындықтары барлығын орыс фольклортанушыларынан В.Я.Пропп былайша ескерткен: «...Егер жанр дегенді поэзияның азды-көпті тұтастығы белгісімен анықтайтын болсақ, тарихи өлеңдерді жанр есебінде мүлдем топтастыра алмаймыз, дегенмен, тарихи өлеңдер жанр есебінде болмаса да тарихи мазмұнға құрылуы жағынан ортақ, бырақ әр түрлі дәуірлерде пайда болып, әр түрлі формада тараған әр түрлі жанрлардың қосындысы есебінде – бар нәрсе», -дейді. Өзінің Б.Н.Путиловтың тарихи өлеңдерге қатысты зерттеуіне байланысты мақаласында да бұны ерекшелей түскен. Сөзсіз үлкен ізденіс, терең толғаныстың қажеттігі осыдан туындайды. бұл мәселеде қазақ тарихи жырларын тексеріп, мазмұнды зерттеулер жазған Б.С.Рахимовтың тарихи өлеңдерге қатысты тұжырымдары бізге жолбасшы бола

алатындай. Ол былай дейді: «...Белгілі оқиғаға қатысты бірнеше өлеңдер өз болмысымен оқшауланып, тақырыптық жағынан да, мазмұн мен формасы тұрғысынан тұтастана түседі. Тарихи өлеңнің өте жедел тууы жағынан, халық поэзиясындағы жоқтау, бата, сәлем, естірту секілді өлеңдермен сәйкестенеді. Сол сәтте, бір мезетте шыққан өлеңдердің есте қалу, таралуы біркелкі емес. тауып айтылған, тамаша дүниелер ғана естушінің талғамына ерекше әсер етіп, ұмытпастай жатталып қалып қояды. Уақыт өте келе, оған түрлі өзгерістер молынан сіңісіп, тек айтар ойдың негізі сол қалпында қалуы да мүмкін», -деп, бірнеше тарихи өлеңдердің көп нұсқалы болып кетулерінің себеп-салдарын түсіндіреді. Тарихи өлеңдерге қатысты пікірлердің арқауы, ерте кезеңдерден пайда болып, қалыптасқан түр дегенді түйіндейді. Олай болса, оның шығу тегіне мән беру үшін тарихи дәуірлерге жүгінуге тура келеді. Фольклортану ғылымында рух шақыру, рухтандыру өлеңдерінің бастауы – аруақ культіне байланыстыра қарау бар. Ондай ғылыми концепцияны ерекшелегендердің бірі – Е.Д.Тұрсынов болатын. Өзінің бұл ғылыми пайымдауының негізін фольклор үлгілерінің халық арасына таралу есіне байланысты зерделеуші И.Н.Голенишев-Кутузовтан бастап, тарихи-археологиялық зерттеулер қалдырған Ә.Марғұлан, К.Ақышев және көне дәуір деректерін жеткізуші Л.Н.Гумилевтер еңбектеріне сүйенуге болады. Тарихи өлеңдердің цикл құрауы қазақ хандығы кезеңіндегі дербестік жолындағы ұмтылыс, сыртқы жаудың әділетсіз соғыстарынан келіп туындаған деуге болады.

Тарихи жырлардың әр кезеңде туып бастан кешкен түрлі оқиғалардың дерегін берерлік туындылар екендігі мәлім. Өлеңде қай кезең оқиғаларына қатысты туғандығын көбіне ондағы сөз өрнегін, оның атқарып тұратын қызметінен танымыз. Тарихи жырлардан басқа жанрлар қалыс түсіп жатыр деген пікір емес. Бұл өлеңнің қоғам дамуының әр кезінде өзін түлеп елдің ғажайып естелігіне айналуында екендігі. Тарихи жырлардан антоним, синоним, көркемдік айшыққа толы сөз тіркесін теріп айта беруге болады.

НӘТИЖЕЛЕРІ

Ел тарихында «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деп аталған қазақ халқының ХҮІІІ ғасырдағы Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық соғысы көптеген тарихи жырларды туғызғаны тарихтан мәлім. Ел жадында сақталып жеткен бұл жырларда сол замандағы тарихи шындық жарқын көрініс тапқан. ХҮІІІ ғасырда жоңғар басқыншылығына қарсы күресте ерекше ерлік үлгісін көрсетіп, қазақ әскерін басқарған атақты қолбасшы Қабанбай батыр туралы шығармалар ерекше орын алады.

“Қабанбай батыр” жырының жиналуы мен зерттелуіне келгенде ғалым С.Қасқабасов: “... Қабанбай туралы шығармалар батырлық эпосқа толық айналып үлгермеген, бірақ оның поэтикасын бойына сіңірген тарихи жырлар” деп қарайды. Сондай-ақ, Қабанбай дәуірінде шағын өлең, аңыз-әңгіме түрінде айтылып, жырдың кейін пайда болғанын да дәлелді түрде көрсете білген.

“Қабанбай батыр” жыры туралы зерттеу жазған ғалымның бірі Болатжан Абылқасымов болды [3, 91-115]. Зерттеуші “Қабанбай батыр” жырының ХХ ғасырдың бас кездерінен бастап С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, С.Аманжолов, Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмаилов, Н.Смирнова сияқты ғалымдардың еңбектерінде сөз болғандығынан хабардар ете отырып, Қабанбай батыр жайында айтылатын жыр нұсқаларының жиналуы мен зерттелуі туралы мәліметтер берген. Жырдың қолжазба күйінде сақталған он үш нұсқасының жырлаушылары мен жазып алушылары туралы айта келіп, сол он үш нұсқаны қатар алып салыстырады. Тіпті, сюжеттік желідегі ірірек және мәндірек деген эпизодтарды тарихи фактымен қатар алып қарастыра келіп, “Қабанбай батыр” ХҮІІІ ғасырдағы қазақ тарихының бір сәтін бейнелейді. Әскери қақтығыс пен кейіпкерлердің өмірден алынғандығы дау туғызбайды деген қорытынды жасаған.

«Қабанбай батыр» жырын арнайы зерттеу нысаны еткен ғалым А.Ғабдуллина “Қабанбай батыр туралы тарихи жырлар мен аңыздар” деген ғылыми зерттеу еңбегінде

Қабанбай батыр жайындағы барлық аңыздар мен жырларды қатар алып қарап, олардың тарихи шындыққа жанасатын тұстарын салыстырады. Мәселен жырдың тарихилығын біріншіден, ХҮІІІ ғасырда өткен қазақ-қалмақ соғысы; екіншіден, батыр жанындағы Абылай, Бөгенбай, Жәнібек, Дәулетбай, Ақтамберді, Қазыбек би, Бұқар жырау – бәрі де тарихи өмір кешкен Қабанбайдың тұстастары; үшіншіден, шайқастар өткен жер-су мен кісі, ру, ұлт, елді мекеннің аттары дәл өз күйінде сақталғанын жырдың тарихилығы деп таниды[4].

Қабанбай бабамыз (шын аты Ерасыл) найман ішінде Қаракерейден шыққандықтан Қаракерей Қабанбай атанған. Кішкентайынан батыл, ержүрек, қайтпас қайсар, батыл болып өскендіктен замандастары Қабанбай деп атаған деседі. Он үш жасынан қайсарлығымен көзге түсіп, сыртқы жаулардан ел кегін қайтарған. Сол уақыттан бері ат үстінде бүкіл өмірін туған халқының тәуелсіздігі үшін күреске арнаған. Халқымыздың Жоңғар шапқыншылығына қарсы жүргізген шайқастарда өзінің қанаттас сенімді серігі Кубас атымен ұрыс даласында талай жеңіске жеткен. Еліміздің түкпір түкпірінде Қабанбай батыр жорықтарынан сыр шертетін көптеген тарихи жырлар мен аңыздар сақталған. Шын мәнінде, Сарыарқа, Алатау, Ұлытау, Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде, Қытайдың қазақтар қоныстанған шығыс аймағында Қабанбай атамыздың есімі дүркін-дүркін естіледі. Сол себепті, Қабанбай батырдың ерлік істері ұрпақтан ұрпаққа жетіп, халқымыз даңқты қолбасшы есіміне байланысты тарихи жәдігерлер бар. Бұған ол туралы тарихи жырлар айқын дәлел бола алады [5].

Тарихи жырды талдамас бұрын Қабанбай бабамыздың ерліктеріне арналған ел аузынан жазып алынған жырлардың бірнеше нұсқалары бар екендігін айтып өтуге болады. Батыр туралы жыршы Түсіпхан Мағзиев жырлауындағы «Қабанбай батыр қиссасы», халық ақыны Қыдырмолда Әділбеков жырлап берген «Қабанбай батыр туралы жыр», 1934 жылы Семей фольклорлық экспедициясының мүшесі Сәкен Байырбеков жазып алған «Ер Қабанбай», Қайырбек Омарұлы жырлаған «Қаракерей Қабанбай батырдың әңгімесі», халық ақыны Ержан Ахметов жырлаған «Ер Қабанбай», Мәули сағымбаев жырлаған «Қаракерей Қабанбай батыр», жазушы Зейнолла Сәнік жариялаған «Қисса ер Қабанбай» нұсқалары бар. «Ер Қабанбай» жырының Нұғыман нұсқасы (1936), Потанин нұсқасы (1972) жарық көрсе, Қ.Әділбеков нұсқасы (1976) күйтабаққа жазылған екен. Жыр мәтіндерінің көлемі әртүрлі: бір нұсқада мол, бір нұсқада аз. Жыр кейіпкері батырды таныстыру эпизодында жол ұқсастықтары сәйкес келетін тұстары болғанымен шумақ ұйқастығы сирек кездесетінін байқадық [6].

Жырдағы оқиғалар үш ірі қақтығыс төңірегінде шоғырланады: бірінші: Қабанбайдың бірде қырғыз, бірде қалмақ батырымен; екінші: Қабанбай мен туысы Дәулетбайдың араздығы; үшінші: Қабанбайдың қайта шапқан жаумен арадағы қақтығыстары. Барлық нұсқаларда осы тұтастықтың сақталғандығын көреміз. Қабанбай баба туралы тарихи жырлардың негізгі арқауы жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес, қырғыздардың қазақ даласына оқтын оқтын жасаған шабуылдарына тойтарыс, ел басына қауіп төнгенде қазақтың батырларының бір тудың астына жиналуы, ел бірлігін ойлаған ғұлама абыз Бұқар жыраудың көрегендігі жырда суреттеледі. Қабанбай батыр туралы жырлардың сыртқа жауға шайқаста бүкілхалықтық күрестің жаппай сипат алғандығын анық байқатады. Ел басына күн туғанда Қабанбай батырдың қолбасшылығымен бір ту астына жиналған қазақ батырларын көреміз. Жырдағы басты ерекшелік және тарихи шындық қазақ руларының аталуы, жер су атауларының бүгінгі қолданысымызбен үндесетіндігін байқаймыз. Тарихи жырдың басы әдеттегідей үш жүзге ұран болған Қабанбайдың атақ даңқын паш ету және қырғыз арасындағы қырғынмен басталады. Қабанбай батырдың азулы інісін қырғыз шауып өлтірген соң, қайғылы батырдың еңсесін көтеруге Абылай хан, Қанжығалы Бөгенбай, Керей ер Жәнібек, жәдік Жантай, көкжарлыдан Көкжал Барақ, Мұрынбай би, Бердіқожа, Шүрек батыр, ер Қосай, Тоғай, ер Дәулетбай келеді және Алтайдан Тарбағатайға дейінгі ел батырларының есімдері аталады. Жырдағы сөз қолданыстары, Қабанбай батырдың ерлік жорықтары, бір айда Ат тауына эзер жеткен жорықтары шығармада көркем баяндалады. Үйірден Кубас атты ұстап мінуі, шайқастарда сенімді серігі болған тұлпардың өзіндік

ерекшелігі де жырда көрініс тапқан. Ел аузында: «Қаракерей Қабанбай батырға серік болған аруақты тұлпары Қубастың орны ерекше. Шешуші шайқастардың шебін бұзып жүрген Қабан батырға, өзіне сай тұлпар керек болғаны даусыз. Жылқышы алып келгенде тұлпарды көрген ел таңдай қағып, таңырқасыпты. Биіктігі нардай, кеуделі, кесек жылқыны Қабанбай бірден ұнатыпты. Атының өзі Қубас деп қойылуы да тегін емес, жүйрікке сай басында бір қырым ет болмаған» деген деректер бар[7, 2]

Шағалақ мінді Қубасты,
Қубастай жылқы тумас-ты [8,175]-деп

батыр бабамыздың жан серігіне айналған Қубас атпен талай жорықтар жасалып, жекпе-жек шайқастар өткізіп, ел үшін елеулі соғыстарға қатысқан. Тұран дала төсінде Қабанбайды көтеріп, жеңіс туының желбіреуіне септігін тигізген Қубас аттың да еңбегі ерен екендігін жырдан анық аңғарамыз.

Жырда Қабанбай батырдың қырғыздарды жеңуі, әкесін жоқтаған қыздың басына сауға беретін азаматтық істері де қара өлең ұйқасымен желдірмелетіп баяндалады. Ақбас тайлақты жетелеп елге қайтатын батырдың тайлағын айшықты көркемдегіш құрал теңеумен суреттеген:

Басы бар ақ тайлақтың жылқы астаудай,
Көзі бар таудан аққан тас бастаудай,
Бұтының арасынан ел көшкендей,
Он кісі өркешіне мінгескендей.
Жүрісі жануардың таңқалдырып,
Денесі көкті тіреп күнде өскендей[8,178].

Қабанбай туысы Дәулетбаймен араздығы да жыр да суреттеледі. Осы жанжалдан кейін батыр науқастанып қалады, өршіл рухты батырдың жағдайын сұрап Абылай ханның өзі келеді:

Кей жаман жоғалады мал таба алмай,
Нас жаман аңырады сөз таба алмай.
«Қабанбай науқас болды» дегенді естіп,
Келіпті көңілін сұрай хан Абылай [8, 180].

Халықпен бірге кемелденген Қабанбай батырдың сом тұлғасын Абылай арқылы тамаша аша білген, тіпті тарихи шежіреге толы өнегеге толы Бұқар жыраудың ер Қабанбайдың халін білуге келгенінен тарихи жырдың салмақтылығын, халықтық сипатын анық аңғаруға болады:

Сексеннің сегізінде Бұқар келді,
Көңілін Қабанбайдың сұрай келді.
Болса да жасы жеткен үлкен адам,
Солқылдап жас баладай жылай келді[8,180].

Көмекей әулие атанған Бұқар жырау бабамыздың елді,екі ағайындыны бітістірмек ниетін кестелі сөз оралымдары арқылы тарихи жырдың шырайын кіргізеді:

Айналайын Қабанбай,
Жау келгенде жарағым,
Алыстан асып дау келсе,
Түрулі тұрған құлағым.
Жақыннан жарым жау шықса,
Белдеудегі пырағым.
Мың жылқыны суарған
Төскейден аққан бұлағым [8,181] –

деп екпіндете,күйкылжыта, наздана жырлап отырып, енді бірде:

Айналайын Қабанбай,
Қара мойын лағың?!
Әулиенің арты едің,

Бұл дүниенің қарты едің.
Айналайын Қабанбай,
Бурылдай деген сауыт бар—
Жағасы бар, жеңі жоқ,
Ағайынды адамның
Өкпесі бар, кегі жоқ [8,181] -

деп, туыстар арасындағы алауыздықты қойып, бітістіріп, өзінің кесімін айтады. Қабанбай бабамыздың көрегендігі мен білімдарлығы тағы осы жерде ашыла түседі. Туысына айттырған келініне сәлем айтындар, деп Шағалақ пен Дәулетбайды жібереді. Шағалақтың астында Ер Қабанбайдың Қубас аты арқылы, батырдың науқас екендігін Қабанбайдың келініне Дәулетбай былай жеткізеді:

Тас қорғаның бар еді,
Босағасы құлады.
Қос бәйтерек бар еді,
Біреуі оның сұлады.
Үш байжігіт баласы
Төбеге шығып жылады. [8, 183]

Бұл оқиғадан кейін біршама оқиғалар қаз қатар тізіліп жырланып, келінің Қабанбай батырға баруы, ел ішіне қайта жау шабуы тізбектеліп көз алдымызда өтеді. Қабанбай бабамыздың кесек тұлғасы, батырлық бейнесі науқастанып жатса да Құдайдан медет тілеп, жорыққа аттанады. Ерлік пен батырлықты сомдаған мына жолдар жырдың көркемдігі мен шырайын аша түседі:

Құдай оған дем салды,
Қубас атқа ер салды.
Осы кезде Қабекен
Батыр боп қайта туады.
.....
Алты құлаш белбеуін
Беліне әкеп буады.
Шаттанып халық жиылды,
Аспанды кернеп ұраны.
Қабекеннің ақ туы
Желбіреп көкте тұрады, деп суреттейді.[8, 190]

Батырлар жырындағы суреттелетін тұлпарлар батырға қорған, жан серігі болғандығын білеміз. «Ер қанаты ат» деп таныған қазақ халқында жүйрік атты адам өмірінің ең бір сирек қызығындай көрумен бірге, тіршіліктің мықты тірегіндей тану ұғымы да көне заманмен қатар өмір сүріп келген. Сондықтан да жүйрік атты өз түсінігіндегі ең таңдаулы теңеуге теңеді, адамша «сөйлетіп», тарыққан кезінде «ақылшы» дәрежесіне дейін көтерді. Осы үлгі XIX ғасырдағы тарихи жырларда да кездесетіндігін байқаймыз. Бұл жырдағы басты ерекшелік те Қабанбай батырдың жан серігі Қубас атымен серттескен әсерлі тұстарымен көрініс табады. Алпамыстың- Байшұбары, Ер Тарғынның – Тарланы, Қамбар батырдың - Қара қасқасы сияқты, Қубас аттың да ақылдылығы, есті жануар екендігін көруге болады. Қубас ат пен батырдың батырлық жолдағы серттесуі былайша суреттеледі:

Мен келдім жетпіс сегізге,
Сен келдің отыз сегізге.
Сенен басқа ат мінсем,
Мінгендей болдым өгізге.
Ей, Қубасым, Қубасым,
Қабанбай өлді дегізбе.
Төрт арыстың баласын
Енді ешкімге жегізбе.[8, 191]

Көне тарихтың куәгері жылқының адам мен қоғам өміріндегі қызметі әр түрлі. Батырдың астына мінген тұлпары жаудан қорғаушы, құтқарушы, көмекшісі бола білген. Жырдың өне бойынан халқымызға тән барлық ерекшеліктер, батырлық үлгіні көреміз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тарихи жырлар қоғамдық күресте, тәрбие жүйесінде қазақ қоғамының рухани тіректерінің біріне айналып, белгілі дәрежеде тарихи материалды сақтаудың оны келесі ұрпаққа жеткізудің ерекше әдісі секілді.

Сол уақытта өмір сүрген қазақ хандары мен батыр, билерінің өмірі халықты сүюдің, оның жоғын жоқтап, мұңын мұңдаудың тамаша үлгілері екендігін көреміз. Олардың игілікті өмірі мен байлығы халықтың бақытын, салт дәстүрін сақтап, дамытуға арналғандай. Олай дейтін себебіміз, осы тарихи жырлардың ауыздан ауызға жеткен көркемдік ерекшелігінің арқасында дәуірлер үндесіп Қабанбай бабамыз туралы Қабдеш Жұмаділовтің «Дарабоз» шығармасы да туған. Тарихи жырларда ең алдымен, ел тіршілігінде анық болып өткен тарихи оқиғадан туады. Тағы да бұл туралы пікірді Мұхтар Әуезов: «Тарих өлеңдері пәлен жыл мен пәлен жылдың арасында болған тарихи тұтас бір дәуірдің жыры» дей келе, оның сөзі мен суреттер шындығы көбінесе даусыз» десе, белгілі зерттеуші Т. Сыдықов: «...Тарихтың белгілі бір кезеңін, ірі оқиғаны шығармасына объекті етіп алған қаламгер, оны суреттеп бейнелеуде бардан жоқ жасамайды, әдептен озып, шындықтың шырайына нұқсан келтірмейді, ол әрі тарихшы, керек десеңіз, мемлекет қайраткері міндеттерін бір басына тілеп алған тұлғаға айналады», - деп жазады [10].

Жыршылар Қабанбай батырдың қалмақпен соғысын асқақтатып, екпіндете жырлайды. Негізі осы ХУІІІ ғасырлардағы жырлардың шығуына себеп сол кездегі тарихи оқиға, саяси әлеуметтік жағдайлар. Авторлар ауыздан ауызға мұра боп жеткен тарихи жырларда Абылай дәуірін, шапқыншылықтар мен жоңғардың әділетсіз істерін баяндай отырып, оларға қарсылық көрсеткен, жырларымен батырларды жебеп отырған би шешендерді тамаша дәріптей білген. Халқына еңбегі сіңген, ұлттық рухымызды ұлықтап, асқақтата көтеруге үлесін қосқан ата бабаларымыздың есімі мен ісі тарихи жырларда мәңгі жырланады[11]. Тарихи жыр- біздің фольклорлық мұрамыз. Фольклорлық мұра әдебиеттің дамуына, оның көркемдік кестелерінің айшықтала түсуіне ықпал жасайды. Тарихи жырлардағы басты тарихи шындық шығармада баяндалған тарихи оқиғалар бертінгі дәуірде өткен, оларды жырлаған Бұқар, Үмбетей, Ақтамберді жыраулар сол оқиғаларды көзбен көрген тірі аңыздар. Тарихи шығармаларда ғасырлар бойы қалыптасқан бата беру, салт-дәстүрлерді және халық психологиясын, тарихи тұлғалардың бейнесін терең ашқан ұлттық рух сезіледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Абылқасымов Б. Қаракерей Қабанбай батыр.// Қазақ тарихи жырларының мәселелері. - Алматы: Ғылым, 1979. – 312б
 - 2 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы, 16-том, ІҮ бөлім, Тарихи өлеңдер //
 - 3 Бабалар сөзі. Жүз томдық. 58-том. Тарихи жырлар // «Фолиант» баспасы, 2010 жыл;
 - 4 Ғабдуллина А. Қабанбай батыр туралы тарихи жырлар мен аңыздар. канд.дисс.
 - 5 Қабанбайдың қазанаты -Қубас ат //URL сілтеме: <https://abai.kz/post/41115>
 - 6 Қабдолов. З. «Сөз өнері» // Алматы, «Мектеп» баспасы, 1976 жыл
 - 7 Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы:Білім, 1995. – 288 б.
 - 8 Мекебаев. Т. Бисенбаев. П. ХІХ ғасырдағы тарихи жырлар // Оқу құралы, 2014
 - 9 Мырзақан Ж. Қабанбай туралы. // Шалғын, 1981. - №2. – 128б
 - 10 Тлеубердина Г.Т. Қанай бидің шешендік сөздерінің фольклорлық негіздері //
- Ш.Уәлиханов атындағы КУ ХАБАРШЫСЫ. Филология сериясы. 2022.-№4. 81-89 б.

11 Tleuberdina G. Value of loan words in the creation of the linguistic and literary world // *Astra Salvensis*, 2021, 2021, стр. 59–65

REFERENCES

- 1 Abylkasymov, B. (1979) ‘Karakerey Kabanbai batyr’, in *Problems of Kazakh historical poems*. Almaty: Nauka. (In Kazakh).
- 2 Auezov, M. (c. 1960) *Collected works in twenty volumes*. Vol. 16 (II). Almaty: Deuir; Zhibek zholy. (In Kazakh).
- 3 Foliant. (2010) *The words of the ancestors. One hundred volumes*. Vol. 58. Historical poems. Foliant. (In Kazakh).
- 4 Gabdullina, A. (n.d.) *Historical songs and legends about Kabanbai batyr*. Ph.D. diss. S.I. (In Kazakh).
- 5 Abai.kz. (n.d.) *Kabanbai boiler – Kubas*. Available at: <https://abai.kz/post/41115> (In Kazakh).
- 6 Kabdolov, Z. (1976) *Art of words*. Almaty: Mektep. (In Kazakh).
- 7 Kirabaev, S. (1995) *White pages of our literature*. Almaty: Bilim. (In Kazakh).
- 8 Mekebaev, T. and Bisenbaev. P. (2014) *Historical poems of the 19th century*. Oku Kuraly. (In Kazakh).
- 9 Myrzakan, J. (1981) ‘About Kabanbai,’ *Meadow*, 2. (In Kazakh).
- 10 Tleuberdina, G. T. (2022) ‘Folkloric foundations of Kanai bi’s eloquent words’, *Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University. Philological Series*, 4, pp. 81–89. (In Kazakh).
- 11 Tleuberdina, G. (2021) ‘Value of loan words in the creation of the linguistic and literary world’, *Astra Salvensis*, 1, pp. 59–65.

Материал 21.09.2022 баспаға түсті

Художественные особенности исторической поэмы «Кабанбай батыр»

Тенсел М.Б.¹, Тлеубердина Г.Т.¹, Рахимов Б.С.²

¹ НАО «Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова», г.Кокшетау, 020000, Қазақстан Республикасы. orcid.org/0000-0002-0574-643X e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru;

² НАО «Карагандинский университет имени Е.Букетова», г.Караганда, 040000, Қазақстан Республикасы.

В статье авторы, анализируя жанровую природу и изучение исторических псалмов, останавливаются на художественной специфике исторического псалма «Кабанбай» батыр. Показав, что исторические поэмы являются произведениями, отражающими факты различных событий, происходящих в разные периоды, часто анализируют события того периода, который родился в стихотворении. Анализируя мнения литературоведов, фольклорное наследие выражает отношение к значению исторической поэмы в жизни общества.

Ключевые слова: жыр, жанр, защита страны, символ героизма, личность, тулпар, целостность, народный характер, выдающиеся представители поэзии, фольклор, дух, идеалы страны;

Материал поступил в редакцию журнала 21.09.2022

Artistic features of the historical poem “Kabanbai Batyr”

M. Tensel¹, G.T. Tleuberdina¹, B.S. Rakhimov²

¹ Shoqan Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan. E-mail: guldentleuberdina@inbox.ru, <https://orcid.org/0000-0002-0574-643X>

² Karagandy Buketov University, Karaganda, 040000, Republic of Kazakhstan.

In the article, the authors analyse the research and genre descriptions of historical poems, focusing on the literary features of the historical song “Kabanbai Batyr”. The authors carry out the analysis with the help of expressions to show that the historical songs are writings which tell stories of different events that took place in different periods of time. The authors show the importance of historical poetry as folklore heritage in social life by analysing the opinions of literary critics.

Keywords: song, genre, national defense, symbol of heroism, tulpar, marches, Kyrgyz, Dzungar conflicts, Kazakh heroes, integrity, national character, outstanding poetry, folklore, spirit, national ideals.

Received: 21.09.2022

ҒТАХР 17.71.07

О.А.Казжанова¹, Г.Т. Тлеубердина¹, С.Ж.Шахина²

¹ «Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ, Көкшетау қаласы, 020000, Қазақстан Республикасы. orcid.org/0000-0002-0574-643X e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru;

² «Е.Бөкетов атындағы КАРУ» КЕАҚ, Қарағанды қаласы, 040000, Қазақстан Республикасы.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНДАҒЫ КЕНЕСАРЫ ХАН МЕН НАУРЫЗБАЙ БАТЫРДЫҢ БЕЙНЕСІ

Мақалада қазақтың соңғы ханы Кенесарының қолбасшылығы, әскерінің береке-бірлігін ұйытып, даңқын шығарған оның батырларының бейнесі талданды. Кенесарымен бірге олар да суыққа тоңып, ыстыққа күйді, көтерілістің барлық ауыртпалығын арқалағаны көрсетіледі. Кенесары–Наурызбай бастаған ұлт-азаттық көтеріліс бүкіл халықты рухтандырған, талай батырды тарих сахнасына шығарғанын анықтадық. Бұл зерттеуде халық жырларының, ақындардың, жазушылардың көркем туындыларындағы Кенесары ханның бейнесін басқа зерттеушілердің зерттеулерімен Кенесары образына әдеби талдау жүргізілді.

Талдау жасаған жырларда батырлардың кейде Кенесарымен бірге жүріп атқарған ерлік істері баяндалса, енді бірде батырлардың жеке-дара жүріп басынан өткерген айрықша бір оқиғалары баяндалады. Мәселен Бұғыбай батырдың ерлігі қырғыз халқының алдындағы Алатаудың бөктерінде бекіністі алуда ерекше көзге түседі. Қазақ әдебиеті тарихы Кенесары ханды жанкешті, елі мен жерінің азаттығы үшін шыбын жанын тәрк еткенін, қасындағы қас батырларымен жеңіске де, жеңіліске де бірге жеткенін суреттейді.

Кенесары, Наурызбай бастаған көтерілістің тарихи шындығы ғана емес, олар туралы айтылған, жазылған шығармаларды жан-жақты талдап, талқылаудан өткізіп, еркіндікке ұмтылған санамыздың рухани серпілісін жаңашылдықпен қарауға мүмкіндік жасадық. Кенесары отаршылдыққа қарсы жаппай көтерілісінің айқын саяси сипаты және оның қазақ тарихындағы рөлі туралы ғалымдардың пікірлері берілген.

Кілт сөздер. Тарихи жыр, Кенесары, Наурызбай, ұлт-азаттық көтеріліс, саясат, соғыс.

КІРІСПЕ

Атырау мен Алтайға созылған ұлан-байтақ Қазақ елін бағындыру Ресей империясына оңай болған жоқ. Тарих беттеріндегі кіші жүздің ханы Әбілқайыр өз еркімен Ресейдің қол астына кірді деген әңгімені зерттеушілердің әрқайсысы айтады. 1731 жылдан 1860 жылдар аралығында Қазақ елі Ресейге көбінде сөз жүзінде бағынып, іс жүзінде ру, тайпа